

Халықтың қуаты – бірлікте!

№17 (20 934)
30 сәуір,
2026 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Instagram: Atyrau.gazeti
Email: atyrau_gazeti@mail.ru
Facebook: Атырау газеті
Website: www.atr.kz
Telegram: «Атырау» газеті
YouTube: atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

***1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні**



Қадірлі отандастар!

Қымбатты Атырау облысының тұрғындары!

Сіздерді күнтізбедегі жарқын да маңызды мерекелердің бірі – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын көңілден құттықтаймын!

Бұл мереке – біздің басты құндылығымызға баланың бірлігіміздің, елімізде өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың достығы мен татулығының нышаны. Біз ата-бабамыздан мирас болған салт-дәстүрлер мен танымымыздың, ауызбірлігіміз бен өзара сыйластығымыздың жібін үзбей, Ұлы даланың бай тарихын еңсені тік көтере жалғастырып келеміз.

Бірлік пен ынтымақтың негізгі қағидаттары еліміздің Ата заңы – Қазақстан Республикасының жаңартылған Конституциясында бекітілген. Оның мазмұны мемлекетіміздің біртұтастығын, Заң мен Тәртіп қағидаларын, азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтау, мәдениет пен білімді, ғылым мен инновацияны дамыту, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау сынды маңызды

ұстанымдарды айқындайды. Бұл Жаңа Қазақстанның кескін-келбетін қалыптастыруға негіз болады.

Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен елдігімізді нығайтуға, экономиканы өркендетуге және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды реформалар іске асырылуда. Бұл өзгерістер біздің әрқайсымыз үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Атырау облысында түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде мамыражай күн кешіп, еңбек етіп келеді. Біз тонның ішкі бауындай тірлігіміз бен бір-бірімізге деген қолдаудың арқасында өлкеміздің дамуындағы елеулі нәтижелерге қол жеткізіп, аймақтың экономикалық әлеуеті мен әлеуметтік тұрақтылығын нығайтып келеміз.

Хакім Абай өзінің қара сөзінде «Бірлік – ақылға бірлік» дегенді

айтады. Бұл пайым біздің бағдарымыз болып қала бермек.

Мерекелі күнде облысымыздың әр тұрғынының ел игілігі жолындағы ортақ іске қосқан үлесіне, белсенділігі мен еңбегіне ыңынай ризашылығымызды білдіреміз. Біз алдағы биік белестерді бірлігімізді сақтай отырып қана бағындыра аламыз. Ынтымақтың жетегімен ырысқа жетеміз.

Қадірлі жерлестер!

Сіздерге зор денсаулық, бақыт, бақ-береке мен жарқын болашақ тілеймін. Әр шаңырақта бейбітшілік салтанат құрып, ардақты өлкеміз бен байтақ Қазақстанымыз ала адымдай берсін.

Мереке құтты болсын, ағайын!

Серік ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі

*Экономика

Енді Атыраудан бәрі шығады

АТЫРАУДА ӨНІРДЕГІ ІРІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ БІРІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. МАҚАТ АУДАНЫНДА ҚЫТАЙЛЫҚ ИНВЕТОРЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН «ЕВРАЗИЯ» ЖЕКЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. АТЫРАУ – ДОССОР ТАСЖОЛЫ БОЙЫНДА САЛЫНАТЫН НЫСАННЫҢ ЖАЛПЫ АУМАҒЫ – 261 ГЕКТАР. ЖОБА ӨНІМДЕРДІ РЕСЕЙГЕ, ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСҚА ЭКСПОРТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН, БҰҒАН НЫСАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТИІМДІ ОРНАЛАСУЫ ОҢЫҚПАЛЫН ТИГІЗБЕК.

Жобаны іске асыру 2031 жылға дейін жоспарланған. Бірінші кезеңдегі инвестиция көлемі 120 миллион АҚШ долларын құрайды. Индустриялық аймақ іске қосылған жағдайда шамамен 1300 жаңа жұмыс орны ашылмақшы. Бұл жоба өңірде мұнай-химия кластерін қалыптастыруға негіз болмақ.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бөлім басшысы Қарлығаш Бекбаеваның айтуынша, индустриялық аймақта бірнеше өндірістік бағыт, соның ішінде алты зәкірлік жоба бар.

– Мұнда өндірістің бірнеше бағытын қатар дамыту жоспарланған. Атап айтқанда,

мұнай-химия саласына арналған жабдықтар, құбырлар мен құрылыс материалдары, лак-бояу өнімдері, энергия үнемдейтін технологиялар, темірбетон бұйымдары, натрий-ионды аккумуляторлар шығару және шөлейттенуге қарсы биомассаны қайта өңдеу жобалары қамтылады, – деді Қ.Бекбаева.

«ЕвразияСтройКапитал» ЖШС директорының орынбасары Вейбо Ланның айтуынша, қазіргі уақытта темірбетон бұйымдарын өндіру жобасы жүзеге асырылуда. Аймақтағы негізгі бағыттың бірі – шөлейттенуге қарсы бастамалар.

– Шөлейт жерлерді қалпына келтіру жобасы 500 гектар аумақта тәжірибелік негізде жүріп

жатыр. Бұл Атырау облысындағы сортаң жерлерді көгалдандыруға мүмкіндік береді. Аймақ экологиясы жыл сайын қамыс өртінен зардап шегеді. Осы мәселені шешуге де оң әсерін тигізбек. Бастама сәтті болса, мұндағы технологияларды ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретінде және керосин өндіруге де пайдалануға болады, – деді В.Лан.

Жоба тұйық өндірістік цикл түзуді және экологиялық шешімдер енгізуді көздейді. «Евразия» индустриялық аймағы өңірдің өнеркәсіптік дамуының драйверіне айналып, экономиканың өркендеуіне серпін бермек.

Бек АЙДАРӘЛИ

Құрметті Атырау облысы тұрғындары мен қонақтары!



«Теңішевройл» ұжымы атынан барша қазақстандықтарға Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын дейміз.

Бұл мереке бір-бірімізді құрметтеу, тату болу, ортақ болашақ жолында бірлесіп еңбек ету маңызды екенін еске салады. Әртүрлі ұлт пен мәдениет өкілдері арасындағы бірліктің мәні – күнделікті іс-әрекетте, бір-бірін тыңдап, ортақ түсінік таба білгенде жатыр.

«Теңішевройл» компаниясында көптеген ұлт өкілі еңбек етеді, сондықтан кәсіби шеберлік пен жауапкершілікке негізделген ынтымақтастық ортақ жұмысымыздың берік іргетасы. Біз сенім мен өзара түсіністік тұрақты нәтижелерге жеткізеді деп санаймыз.

Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын! Бәріңізге зор денсаулық, бақыт, отбасыңызға амандық және бейбітшілік тілейміз. Халық достығы мен бірлігі мәңгі болсын!

Билли Лакоби,
«Теңішевройл» ЖШС
бас директоры

Қуанышкерей Мұхтаров,
«Теңішевройл» ЖШС
бас директорының орынбасары

// Кеңес отырысы

ӨНІРДЕ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЗОР АҚТӨБЕ-ЛАЭТИ ҚАЛАШЫҒЫН АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰЗЕЙГЕ АЙНАЛДЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ЖАНЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ «MIRAS» АЙМАҚТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ӘБІЛ ЖОЛАМАНОВ АЙТЫП, ӘРІ ҚАРАЙ ӨНІРДІҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ НАҚТЫ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОҚТАЛДЫ.



Мәдени мұра. Жауапсыз мердігер

Оның айтуынша, жол картасында көзделген міндеттердің бірі – облыстың танымал тұлғалары мен тарихи мұраларын кеңінен насихаттау. Осы бағытта Бейбарыс сұлтан, Исатай мен Махамбет, Құрманғазы, Дина, Халел Досмұхамедов сынды тұлғалардың

мұрасын дәріптеуге арналған жобалар жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Өткен жылы өңірде 4,5 мыңнан астам мәдени іс-шара ұйымдастырылып, жүздеген мың көрермен қамтылған. Халықаралық және республикалық деңгейдегі маңызды мәдени жобалар да өз деңгейінде өткен.

Атқарылған жұмыстар ауқымды

Жиында тарихи ескерткіштерді халықаралық деңгейде танымал ету мәселесі де көтерілді. Сарайшық қалашығын ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра тізіміне енгізу бағытында жұмыстар жүргізіліп жатқаны айтылды. Бұл бастама өңірдің туристік әлеуетін арттыруға да ықпал етпек. Білгеніміздей, мәдениет саласында атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Дегенмен жоспарлардың сапалы орындалуы мен бастамалардың нәтижелі жүзеге асуы алдағы кезеңнің басты міндеті болып қала бермек.

Жиында өңірдің рухани-мәдени дамуы, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және бұқаралық спортты ілгерілету

бағытындағы өзекті мәселелер кеңінен талқыланды. Қоғамдағы азаматтық жауапкершілікті арттыру, мәдени саясатты жетілдіру және өңірлік бағдарламалардың орындалу барысы секілді маңызды тақырыптар қамтылды. Мәселен, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры Бекежан Қалдырханұлы құндылыққа негізделген қоғам қалыптастырудың маңызын атап өтті. Ол Ұлттық құрылтайда көтерілген бастамалардың мәніне тоқталып, қоғамдағы әр адамның жауапкершілігі мен белсенділігін арттырудың өзектілігін жеткізді. Оның айтуынша, ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту – тұрақты қоғам қалыптастырудың басты шарттарының бірі.



Жаңа бастамалар

Атап өтерлік жайт – көрнекті ақын, Қазақстанның Мемлекеттік анұранының авторы Жүмекен Нәжімеденовтің мерейтойы аясында өткен ауқымды шаралар. Сонымен қатар Әбу Сәрсенбаев, Нұрғиса Тілендиев, Қаршыға Ахмедьяров сынды өнер және әдебиет қайраткерлеріне арналған кештер мен байқаулар мәдени өмірдің мазмұнын байыта түскен. Алдағы кезеңге жоспар да ауқымды. Мындаған мәдени іс-шара өткізу көзделіп отыр. Оның ішінде халықаралық өн байқаулары, театр фестивалдері, ұлттық өнерді насихаттайтын конкурстар мен кітап фестивалдері бар. Бұл бастамалар өңірдің мәдени әлеуетін арттыруға бағытталған.

Жиында тарихи-археологиялық зерттеулер мәселесіне де ерекше назар аударылды. Әсіресе, Қарабау-2 қорғаны мен ортағасырлық Сарайшық қалашығында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері ғылыми тұрғыдан құнды екені айтылды. Сарайшықтағы 15x15 метрлік қазба алаңында мәдени қабаттар толық зерттеліп, көне ғимараттардың қалдықтары, шаруашылық нысандар, су жүйелері анықталған. Алтын Орда кезіне тиесілі монеталар, қыш бұйымдар, әшекейлер табылып, өңір тарихының тереңдігін дәлелдей түскен.

Қарабау аумағындағы зерттеулер де назардан тыс қалған жоқ. Қорған аумағында жүргізілген археологиялық жұмыстар нәтижесінде жерлеу мәдениеті, көне құрылымдар мен тұрмыстық заттар зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілуде.

Бұл жұмыстар өңірдің тарихи-мәдени картасын толықтыруға мүмкіндік беріп отыр. Алдағы уақытта бұл бағыттағы зерттеулер жалғасады. Ортағасырлық Ақтөбе-Лаэти қалашығында жүргізілетін қазба жұмыстары өңір тарихының жаңа беттерін ашуға ықпал етпек.

Басқарма басшысы мәдени инфрақұрылым мәселесіне де тоқталды. Соңғы жылдары бірқатар мәдениет нысандары пайдалануға беріліп, жөндеу жұмыстары жүргізілген. Дегенмен кейбір құрылыс нысандарының мерзімінде аяқталмауы мердігерлердің жауапкершілігін күшейтуді қажет ететінін көрсетті.

– Мәдениет саласы – тек іс-шаралар өткізумен шектелмейді. Бұл – ұлттың рухани тірегі, тарихи жады мен болашаққа бағытталған бағдар. Біз жол картасында белгіленген әрбір тармақты сапалы орындауға мүдделіміз. Әсіресе, тарихи мұраларды зерттеу, археологиялық қазба жұмыстарын жүйелеу және оларды халыққа кеңінен таныстыру – басты міндеттердің бірі. Сарайшық пен Қарабауда жүргізілген жұмыстар соның айқын дәлелі. Алдағы уақытта Ақтөбе-Лаэти қалашығында жалғасын зерттеулер өңір тарихының тың деректерін ашады деп сенеміз. Сонымен қатар мәдени инфрақұрылымды дамыту, нысандарды уақытылы аяқтау және халыққа қолжетімді мәдени орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарымыз жалғасын табады, - деді Әбіл Тауфиқұлы.

Бұқараның өмір салты

Өңірде бұқаралық спортты дамыту бағытындағы нақты көрсеткіштер мен жүйелі жұмыстар туралы кеңес отырысында облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының қаржы экономикалық бақылау бөлімінің басшысы Нұрғайша Әбежанов баяндамасынан белгілі болды. Оның мәліметінше, «АМАНАТ» партиясының негізгі міндеттерінің бірі – облыс тұрғындарын мүмкіндігінше спортқа тарту үшін барлық қажетті жағдайларды қалыптастыру.

Қазіргі таңда облыста спорттың 80-нен астам түрі дамып келеді. Соның ішінде олимпиадалық, ұлттық және олимпиадалық емес бағыттар қамтылған. Соңғы жылдары спорттық секциялар саны айтарлықтай өсіп,

Ұлттық спорт дамып келеді

Ұлттық спорт түрлерін дамыту бағытында да жүйелі жұмыс бар. Қазіргі таңда облыста ұлттық спортпен шұғылданушылар саны 27 мыңнан асқан. Бұл – жалпы спортпен айналысатындардың шамамен 9 пайызы. Көкпар, бәйге, аударыспақ, тоғызқұмалақ сияқты дәстүрлі спорт түрлеріне қызығушылық артып келеді. Арнайы клубтар мен секциялар ашылып, спортшылар саны жыл сайын өсуде.

Инфрақұрылым мәселесінде де ілгерілеу бар. Соңғы жылдары ондаған спорт нысаны салынып, пайдалануға берілген. Ауылдық елді мекендерде жаңа спорт кешендерінің ашылуы тұрғындардың спортқа қолжетімділігін арттырды. Бірқатар стадиондар мен спорт мектептері жөндеуден өтіп, жаңа нысандардың құрылысы жүргізілуде.

– Бұқаралық спортты дамыту – көрсеткіш қуалау емес, бұл – халықтың денсаулығын жақсарту мен өмір сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық міндет. Біз бүгінде спортты барынша қолжетімді етуге басымдық беріп отырмыз. Әсіресе ауылдық жерлерде секциялар санын көбейту, балалар мен жасөспірімдерді тегін үйірмелермен қамту, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға жағдай жасау – негізгі бағыттарымыздың бірі. Ұлттық спорт түрлерін дамыту да назардан тыс қалған жоқ. Бұл – біздің мәдени кодымыздың

бүгінде олардың саны 18 мыңнан асқан. Әсіресе ауылдық жерлердегі секциялар санының артуы – спорттың қолжетімді бола түскенін көрсетеді. Барлық мектепте кешкі уақытта және демалыс күндері тұрғындарға тегін спортпен айналысуға жағдай жасалғаны да маңызды қадам.

Балалар мен жасөспірімдерді спортқа тарту бағытында оң динамика байқалады. Бүгінде өңірде 89 мыңнан астам өрен түрлі спорт секцияларында тегін шұғылданады. Бұл – мектеп жасындағы балалардың үштен бірінен астамы деген сөз. Жыл басынан бері секциялар санының артуы мен қатысушылардың көбеюі де осы бағыттағы жұмыстың нәтижелі екенін байқатып отыр. Бұқаралық

спортты дамыту мақсатында да арнайы клуб құрылып, онда мыңнан астам спортшы дайындалуда. Ал зияткерлік спортты ілгерілету үшін шахмат мектебін ашу жоспарланған.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды спортқа тарту мәселесі назардан тыс қалмаған. Бүгінде облыста 1300-ден астам мүмкіндігі шектеулі жан спортпен тұрақты түрде айналысады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда едәуір артқан. Оларға қолайлы жағдай жасау үшін спорт нысандары бейімделіп, арнайы тасымалдау құралдары бөлінген. Әртүрлі қоғамдық ұйымдар мен спорт клубтары арқылы жүздеген бала мен ересек адам спорт секцияларына тегін қатысып жүр.

ажырамас бөлігі. Алдағы жылдары спорт инфрақұрылымын кеңейту, жаңа нысандар салу және тұрғындарды спортқа тарту арқылы бұқаралық спортты жаңа деңгейге көтереміз, - деген басқарма өкілі осы бағыттағы жұмыстардың маңызын атап өтті.

Ұқканымыз, жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесінде өңірде спортпен тұрақты айналысатын тұрғындар үлесі артып келеді. Алдағы жылдары бұл көрсеткішті 50 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Бұл – бұқаралық спорттың шын мәнінде қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып келе жатқанын көрсетсе керек.

Талқылау барысында кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ұсыныстарын ортаға салып, пікір алмасты. Әсіресе, мәдени жобалардың сапасын арттыру, жастарды ұлттық құндылықтарға баулу және спорттық бастамаларды қолдау бағытында нақты ұсыныстар айтылды.

Жиын қорытындысында қаралған мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар әзірленіп, оларды іске асыру тетіктері айқындалды.

Рита ӨТЕУҒАЛИ
Суреттерді түсірген Ерлан АЛТЫБАЕВ

НСОС барлық мүдделі тараптарды:

«Атырау облысындағы құрлық кешеніне 2027 жылға қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алуға өтінім құжаттарының жиынтығы» тақырыбындағы қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 12 маусым, сағат 10.00

Өткізілетін орны: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Г. Сулейменова көшесі, 39 «Доссор мәдениет үйі»

Аумақтың географиялық координаттары: 47°15'19.980», 52°21'43.294».

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

Оңтүстік – ендік: 47°11'05.40», 52°31'13.20».

Батыс – ендік: 47°14'13.94», 52°22'29.23».

Солтүстік – ендік: 47°18'19.14», 52°33'18.98».

Шығыс – ендік: 47°13'37.25», 52°35'03.62».

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады:

https://zoom.us/j/93044892266?pwd=ssP7BcYrKfolxcPoA2cQdP9teHx3Ci.1

Конференция идентификаторы: 930 4489 2266

Кіру коды: 145289

Бастамашы: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874,

филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8-үй, тел.: +7 (7122) 92 27 03.

Әзірлеушілер:

1. «ЭКО-Астана НР» ЖШС, мекен-жайы: Астана қ., Сығанақ көш., 58/1 үй, 10 кенсе, эл. пошта мекен-жайы: manager@ecoastana.kz телефон: +7(7172) 33 04 37

2. «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, мекен-жайы: Қарағанды қ., Лобода көш., 40 үй, эл. пошта мекен-жайы: info@ecoexpert.kz телефон: +7(7121) 42 56 17

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (Атырау қ., Әйтеке би к., 77, atr_priroda@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz) және Атырау облысы бойынша экология департаментіне (Атырау қ., Құлманов көшесі, 137, atyrau-ecodep@ecogeo.gov.kz) жолдауға болады.

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Қосымша ақпаратты Zhanat.Kozhan@ncoc.kz эл. адресі мен 92 27 03 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

НСОС барлық мүдделі тараптарды

«Қашаған кен орнын жайластыру. Теңіз кешені. Теңіздегі навигациялық арналар мен аралдар акваториясын күрделі жөндеу».

Атырау облысы, Солтүстік Каспий қайраңының акваториясы. тақырыбындағы қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 09 маусым, сағат 10.00

Өткізілетін орны: Атырау облысы, Атырау қ, Дамбы а.о., Дамбы ауылы, Мардан Арыстанов көшесі, 30. Мәдениет үйі.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

46°27'12.4", 52°14'26"

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады:

<https://zoom.us/j/95363896312?pwd=ssr3maSDWGAq2wergBr3wvvr7afyJX.1>

Конференция идентификаторы: 953 6389 6312

Кіру коды: 663473

Бастамашы: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН

000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8-үй, тел.: +7 (7122) 92 27 03

Әзірлеуші: «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС Мекен-жайы: Қарағанды қ., Лобода көш., 40 үй, эл. пошта мекен-жайы: info@ecoexpert.kz телефон: +7(7121) 42 56 17

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (Атырау қ., Әйтеке би к., 77, atr_priroda@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz) және Атырау облысы бойынша экология департаментіне (Атырау қ., Құлманов көшесі, 137, atyrau-ecodep@ecogeo.gov.kz) жолдауға болады.

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Қосымша ақпаратты Zhanat.Kozhan@ncoc.kz эл. адресі мен +7 (7122) 92 27 03 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.